

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы

**«БВ04205 – Құқықтану», «БВ12301 – Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша
Қылмыстық іс жүргізу құқығы
(Жалпы бөлім), Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы
(Жалпы бөлім) пәндерінен**

ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

АЛМАТЫ, 2023

Әдістемелік нұсқаулықтар қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы Г.Н.Мухамадиевамен дайындалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасымен қарастырылған және бекітілген.

_____ з.ғ.д., профессор Жансараева Р.Е.

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2023 ж.

Кіріспе

«6В030100 – Құқықтану», «6В030300 – Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын оқыту Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты мен академиялық саясатқа сәйкес пәнді оқып игеру қорытынды бақылау - емтихан тапсырумен аяқталады. Емтихан Univer АЖ 40 кәптік таңдау тест тапсырудан тұрады - бірнеше ұсынылған нұсқалардан бір дұрыс жауапты таңдау.

Емтиханға (қорытынды бақылауға) тәлем бойынша берешегі жоқ, бакалавриатқа арналған оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Қорытынды емтихан (қорытынды бақылау) академиялық күнтізбе мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, кәрсетілген мерзімдерде жүргізіледі.

Оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процессін аяқтап, тиісінше балл жинай алмаған студенттер қанағаттанарлықсыз бағасын оң бағаға қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабақ түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Егер студент оқу бағдарламасын толық кәлемде орындай отырып, емтиханға уақытылы қатыспаса, емтихан ведомосындағы оның фамилиясының тұсына «келген жоқ» деген жазу жазылады. Студенттің дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының әкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріледі.

«FX» белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда студентке емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін студентке (докторант, магистрант) емтихан әткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция беру мүмкіндігі қарастырылған.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны осы аралық аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді

Емтихан сұрақтары тиісті тексерістен өткеннен кейін бекітіледі.

Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық

1. Пән бойынша қорытынды емтихан Univer жүйесінде тест нысанында жүргізіледі. Тест тапсыру барысы автоматты прокторинг жүйесімен, егер прокторинг болмаса проктор немесе оқытушының қадағалауымен қатал бақыланады. Емтихан тапсырушының жеке компьютеріне мынадай талаптар қойылады:

1.1. Стационарлық компьютер немесе ноутбуктың болуы (планшет, смартфон);

1.2. Жұмыс жасайтын әрі қосулы веб-камера керек (ноутбуктегі өзінің орнатылған камерасы да болады, смартфондардың камерасы алдыңғы жағында қосулы болу керек);

1.3. Емтихан кезінде интернетке үзіліссіз қосылу қажет;

1.4. Емтихан тапсырудың барлық уақыты жазылады, бұл ретте студенттің беті, үстелі және кеңістігі кәрінуі тиіс.

1.5. Емтихан кезінде сайтты жабуға тыйым салынады.

2. Емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.

3. Студент қорытынды бақылаудың алдында арнайы нұсқамадан өтеді және бағалау критерийлерімен танысуы тиіс.

4. Прокторинг талабы бойынша студент емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын кестедегі сілтеме бойынша бейнеконференцияға қосылуы тиіс.

5. Тест кәптік таңдау түрінде бір дұрыс жауабымен болады.

6. Univer АЖ тест 40 сұрақтан келеді және тапсыруға 1 ғана мүмкіндік беріледі. Тест тапсырудың жалпы уақыты – 90 минут.

7. Univer АЖ тест сұрақтары автоматты түрде құрастырылады (генерацияланады).

8. Тест жауаптары дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексеріледі.

9. Емтихан тапсыру уақыты аяқталғаннан кейін қорытынды бақылау нәтижелері студенттің және оқытушының жеке кабинетіне автоматты түрде түседі.

10. Тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Студент емтихан тапсыру тәртібін бұзған жағдайда тест нәтижесінде алған бағасы жойылуға жатады.

Бағалау саясаты

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру.

Жиынтық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау, орындалған тапсырманы бағалау.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

3

Мұнда АБ – аралық бақылау; МТ – аралық емтихан, ҚБ –

қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдардың (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Әте жақсы
A-	6,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы (жалпы бөлім) - 5 кредит Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар

1-МОДУЛЬ

1-тақырып. Қылмыстық процестің түсінігі және оның мәні

Қылмыстық процестің (қылмыстық іс жүргізудің) және қылмыстық іс жүргізу құқығының (қылмыстық-процестік құқық) түсінігі, мәні және тағайындалуы

Қылмыстық процестің жүйесі

Қылмыстық процесс сатылары

Қылмыстық-процестік функциялардың түсінігі мен түрлері

Қылмыстық-процестік қарым-қатынастар, олардың ерекшеліктері

Қылмыстық-процестік нысан

Қылмыстық процестің түрлері (типтері)

Процестік кепілдіктер және олардың маңызы

Қылмыстық-процестік актілер

2-тақырып. Қылмыстық-процестік құқықтың қайнар кәздері

Қылмыстық-процестік заңнамасы қылмыстық іс жүргізу құқығының қайнар кәзі ретінде.

Қылмыстық-процестік нормалар. Қылмыстық-процестік нормалардың ерекшеліктері. Қылмыстық процессуалдық нормалардың түрлері. Қылмыстық-процестік нормалардың құрылымы.

Қылмыстық-процестік заңның кеңістікте, уақыт тұрғысында қолданылуы. Қылмыстық-процестік заңның шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылуы.

3-тақырып. Қылмыстық процестің міндеттері мен қағидаттары

Қылмыстық процестің міндеттері

Қылмыстық процесс қағидаларының мәні және маңызы. Қылмыстық процесс қағидаларының жүйесі

Заңдылық қағидасы.

Сот тәрелігін соттың ғана жүзеге асыруы.

Адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау.

Жеке бастың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеу.

Жеке басқа қолсұғылмаушылық.

Қылмыстық істер бойынша іс жүргізу кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау.

Жеке әмірге қолсұғылмаушылық. Жазысқан хаттардың, телефон арқылы сәйлескен сөздердің, пошта, телеграф арқылы және өзге де хабарлардың құпиясы.

Тұрғынжайға қолсұғылмаушылық.

Меншікке қолсұғылмаушылық.

Кінәсіздік презумпциясы.

Қайтадан соттауға және қылмыстық ізге түсуге жол бермеушілік.

Сот тәрелігін заң мен сот алдындағы теңдік негізінде жүзеге асыру.

Судьялардың тәуелсіздігі.

Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру.

Істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу.

Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау.

Күдіктінің, айыпталушының қорғалу құқығын қамтамасыз ету.

Білікті заң кәмегіне құқықты қамтамасыз ету.

Куәлік айғақтар беру міндетінен босату.

Жариялылық.

Қылмыстық сот ісін жүргізу тілі.

Процестік әрекеттер мен шешімдерге шағым жасау бостандығы.

4-тақырып. Қылмыстық процесс қатысушылары ұғымы және оларды топтау.

Қылмыстық процеске қатысатын мемлекеттік органдар мен адамдар

Қылмыстық процесс қатысушыларының түсінігі, олардың классификациясы.

Қылмыстық іс жүргізуді жүзеге асырушы мемлекеттік органдар мен лауазым иелері. Сот - сот әділдігін жүзеге асырушы орган ретінде. Қылмыстық істі қараудағы сот құрамы. Соттың әкілеттігі. Судья. Тергеу судьясының әкілеттіктері. Іс бойынша тәрағалық етуші.

Қылмыстық қудалау органдары. Қылмыстық процестегі тараптар, айыптау және қорғау тараптары. Прокурор, қылмыстық процестегі оның міндеттері және құзыреті.

Тергеуші, оның процестік жағдайы. Тергеушінің процестік дербестігі. Тергеу бәлімінің бастығы және оның процестік жағдайы.

Анықтау органдары. Анықтау органдарының қылмыстық іс жүргізубарысындағы әкілеттігі. Анықтаушы және оның процесік жағдайы. Анықтау органының бастығы және оның процесік жағдайы.

5-тақырып. Өз құқықтары мен мүдделерін немесе өздері әкілдік ететін құқықтар мен мүдделерді қорғап процеске қатысушылар. Қылмыстық процесегі өзге қатысушылар

Қылмыстық процесегі мүдделі тұлғалар. Күдікті, оның құқықтары мен міндеттері. Айыпталушы және оның процесік жағдайы. Жәбірленуші, оның құқықтары мен міндеттері. Жеке айыптаушы, оның процесік жағдайы. Азаматтық талапкер және азаматтық жауапкер, олардың құқықтары мен міндеттері.

Қорғаушы. Қорғаушы бола алатын тұлғалар. Қылмыстық іс жүргізуге қорғаушының қатысуы, оның құқықтары мен міндеттері. Қорғаушының міндетті түрде қатысу жағдайлары. Қорғаушыдан бас тарту. Қылмыстық процесегі әкілдер мен заңды әкілдер.

Куә. Сарапшы. Маман. Аудармашы. Куәгерлер. Сот мәжілісінің хатшысы. Сот приставы.

Модуль 11

6-тақырып. Қылмыстық процеске қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар. Қарсылық білдіру

Қылмыстық процеске қатысу мүмкіндігін болғызбайтын мән-жайлар.

Қарсылық білдіру және қылмыстық процеске қатысудан шеттету туралы өтінішхаттар мен оған қатысудан босату.

Қарсылық білдіру негіздері мен тәртібі.

Судьяға қарсылық білдіру.

Прокурорға қарсылық білдіру.

Тергеушіге және анықтаушыға қарсылық білдіру.

Куәгерге қарсылық білдіру

Сот отырысының хатшысына және сот приставына қарсылық білдіру.

Аудармашыға және маманға қарсылық білдіру.

Сарапшыға қарсылық білдіру. Қорғаушыны, жәбірленушінің (жекеше айыптаушының), азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің әкілін қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қатысудан шеттету.

7-тақырып. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Қылмыстық процеске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Қылмыстық процеске қауіпсіздікті қамтамасыз ету талабы қолданылатын құқықтық қатынастардың субъектілері

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары

8-тақырып. Өтінішхаттар. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым жасау

Қылмыстық процесегі өтінішхаттардың түсінігі және түрлері. Қылмыстық процеске қатысушылардың өтінішхаттарын қараудың міндеттілігі

Қылмыстық процесі жүргізуші сот және лауазымды адамдардың әрекеттері мен шешімдеріне шағым жасаудың түсінігі және маңызы

Ұстап алынған немесе күзетпен ұсталатын адамдардың шағым жолдау тәртібі.

Шағымдарды берудің мерзімдері. Шағым берілуіне байланысты шешімнің орындалуын тоқтата тұру. Шағымдарды қараудың жалпы тәртібі

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың, прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдарды қарау тәртібі

Прокурордың, қылмыстық қудалау органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне жасалған шағымдарды сотта қарау тәртібі
Тергеу судьясының қаулыларына шағым жасау, наразылық білдіру
Соттың үкіміне, қаулыларына шағымдар, наразылықтар

9-тақырып. Қылмыстық процестегі дәлелдемелер теориясының негізгі ережелері

Қылмыстық процестегі дәлелдемелер теориясының түсінігі және мазмұны
Қылмыстық процестегі дәлелдемелердің түсінігі және маңызы.
Дәлелдемелердің қайнар көздерінің түсінігі мен түрлері
Куә мен жәбірленушінің айғақтары. Куә мен жәбірленушінің айғақтарын бағалау ерекшеліктері.
Күдіктінің айғағы. Күдіктінің айғағының заты. Айыпталушының айғағы. Айыпталушының айғағының заты. Айыпталушының айғақтарының түрлері.
Күдікті мен айыпталушының айғақтарын бағалау ерекшеліктері.
Сарапшының қорытындысы.
Сараптама тағайындау негіздері. Сараптаманы міндетті түрде тағайындау жағдайлары. Сараптама түрлері. Бастапқы, қосымша, қайта, комиссиялық және кешенді сараптамалар. Сарапшының қорытындысының түрлері. Сарапшының айғағы дәлелдемелердің қайнар көзі ретінде.
Маманның қорытындысы және айғақтары дәлелдемелердің қайнар көзі ретінде.
Заттай дәлелдемелер. Заттай дәлелдемелердің түсінігі, түрлері және маңызы.
Заттай дәлелдемелердің тағдыры және оларды сақтау тәртібі.
Процестік әрекеттердің хаттамалары - дәлелдемелердің қайнар көзі ретінде.
Тергеу және сот әрекеттерінің хаттамалары.
Құжаттар дәлелдемелердің қайнар көзі ретінде.
Дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректер.

10-тақырып. Қылмыстық процестік дәлелдеудің негіздері

Қылмыстық процестегі дәлелдеу затының түсінігі.
Дәлелдеу процесінің түсінігі және элементтері. Дәлелдемелерді жинау және дәлелдемелерді жинаудың әдістері. Дәлелдемелерді бекіту. Дәлелдемелерді зерттеудің мазмұны және дәлелдемелерді зерттеулің әдістері. Дәлелдемелерді бағалау. Дәлелдеу міндеті. Дәлелдеу процесіндегі ғылыми-техникалық құралдар. Преюдиция.
Қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлар мен қылмыстық іс бойынша маңызы бар мән-жайлар түсініктерінің ара қатынасы. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге жататын мән-жайлардың жүйесі мен мазмұны. Жасы кәмелетке толмағандардың істері бойынша анықталуға тиіс мән-жайлар.
Дәлелдемелерсіз анықталатын мән-жайлар. Дәлелдеу шегі.
Дәлелдемелердің белгілері. Дәлелдемелердің іске қатыстылығы және жарамдылығы. Дәлелдемелердің дұрыстығы және жеткіліктілігі. Преюдиция

Модуль 111

11-тақырып. Қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шаралары. Күдіктіні ұстап алу

Қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шараларының түсінігі, маңызы және түрлері.
Күдіктіні ұстаудың түсінігі, негіздері және шарттары, ұстаудың процестік тәртібі.
Азаматтардың қылмыс жасаған адамдарды ұстауға құқығы.
Ұсталған адамды жеке тінту.
Күдікті ретінде ұсталған адамды босатудың негіздері және тәртібі. Жеткізу.

12-тақырып. Бұлтартпау шаралары

Бұлтартпау шараларының түсінігі және бұлтартпау шараларын қолданудың негіздері.

Бұлтартпау шараларының түрлері.

Ешқайда кетпеу және тиісті мінез-құлық туралы қолхат, оны қолданудың тәртібі.

Жеке кепілгерлік, оны қолданудың тәртібі.

Әскери қызметшіні әскери бәлім қолбасшылығының байқауда ұстауы, оны қолданудың тәртібі.

Кәмелетке толмаған адамды қамауда ұстауға беру, оны қолданудың тәртібі.

Кепіл, оны қолданудың тәртібі.

Ұйқамақ, оны қолданудың тәртібі.

Күзетпен ұстау, оны қолданудың тәртібі. Күзетпен ұстау мерзімдері және оны ұзарту тәртібі.

Бұлтартпау шарасының күшін жою немесе өзгерту.

13-тақырып. Әзге де процестік мәжбүрлеу шаралары

Әзге де процестік мәжбүрлеу шаралары және оларды қолдануға негіздер

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға және сотқа келу туралы міндеттеме.

Күштеп әкелу, оны қолданудың тәртібі.

Лауазымынан уақытша шеттету, оны қолданудың тәртібі

Ақшалай әндіріп алу, оны қолданудың тәртібі

Мүлікке тыйым салу, оны қолданудың тәртібі. Мүлікке тыйым салуды санкциялау тәртібі

Тергеу судьясының мүлікке тыйым салуды санкциялау не санкциялаудан бас тарту туралы қаулысына наразылық білдіру және шағым жасау

Жақындауға тыйым салу, оны қолданудың тәртібі

14-тақырып. Қылмыстық процесте шешілетін мүліктік мәселелердің түсінігі, шарттары және түрлері. Ақтау. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу

Қылмыстық процесте шешілетін мүліктік мәселелердің түсінігі, шарттары және түрлері

Қылмыстық процестегі ақтаудың түсінігі және маңызы. Ақталуға құқықтың пайда болу негіздері мен шарттары. Ақталушының құқықтарын қалпына келтіру шегі және шешім қабылдау тәртібі

Күдікті, айыпталушы, сотталушы ретінде тартылған адамды ақтау. Қылмыстық процесті жүргізетін органның заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеткізуге құқығы бар адамдар. Зиянды өтеткізу құқығы және талап қою мерзімдері

Мүліктік зиянды өтеу

Моральдық зиянның салдарын жою

15-тақырып. Қылмыстық процесте азаматтық талаптың түсінігі, маңызы және қарастырылу тәртібі

Қылмыстық процесте азаматтық талаптың түсінігі, маңызы және қарастырылу тәртібі

Залалды өтеудің негіздері, шарттары, көлемі және тәсілі туралы қағидаларды қолдану

Талап арызды қайтару, талап қоюдан бас тарту

Азаматтық талап қою бойынша шешімдер

Азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету. Соттың үкімін және қаулысын азаматтық талап қою бәлігінде орындау

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды // <https://online.zakon.kz/>
2. “Қазақстан Республикасындағы сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралың 25.12.00 ж. ҚР конституциялық заңы // <https://online.zakon.kz/>
3. “Қазақстан Республикасының Прокуратурасы туралы 30.06.2017 ж. заңы // <http://adilet.zan.kz>
4. “Адвокаттық қызмет туралы Қазақстан Республикасының 5.07.2018 ж. Заңы // <http://adilet.zan.kz>
5. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы.
6. Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі 04.07.2014 // <http://adilet.zan.kz>

Негізгі әдебиет:

1. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Часть Общая. Книга 1. / Под общ. ред. д.ю.н., проф. Берсугуровой Л.Ш., д.ю.н., проф. Джансараевой Р.Е. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 275 с.
2. Толеубекова Б.Х. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан: курс лекций учебник. Алматы: Zheti zharghy, 2016. – 387с.
3. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.
4. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Движение уголовного дела (Общая и Особенная части) / Учебник / Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н, доц. Касимова А.А. – Алматы: Жеті Жарғы, 2013. – 1016 с.
5. Уголовный процесс: учебник / А.В.Смирнов, К.Б.Калиновский; под общ. ред. А.В.Смирнова. Вступит. статья В.Д.Зорькина. 8-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2020. 784 с.

Қосымша әдебиет:

1. Оспанов С.Д. Уголовный процесс РК (Общая часть) // <http://dot.kostacademy.kz/bible/files/787353515.pdf>
2. Уголовно-процессуальное право. Видеолекции// <https://www.youtube.com/watch?v=7mqXeMbDbg4>
3. Единое окно доступа к информационным ресурсам // <http://window.edu.ru/catalog/pdf2txt/683/44683/21461>

Онлайн қолжетімді: Қосымша оқу материалы – дәрістер тезисы, сонымен қатар үй жұмысы, жобалар, СӘЖ орындау үшін қажетті оқу-методологиялық материал univer.kaznu.kz желісінде ПОӘК бәлімінде қолжетімді болады.(Сонымен қатар пән тақырыбы бойынша МООК курсың ұғыну ұсынылады).

Онлайн қолжетімді: Қосымша оқу материалы – дәрістер тезисы, сонымен қатар үй жұмысы, жобалар, СӘЖ орындау үшін қажетті оқу-методологиялық материал univer.kaznu.kz желісінде ПОӘК бәлімінде қолжетімді болады.(Сонымен қатар пән тақырыбы бойынша МООК курсың ұғыну ұсынылады).